

егемен  
ҚАЗАҚСТАН

## Мерейлі мезеттің мәресі

05.01.2017



**Табалдырығымыздан тағы бір жыл аттады. Жақсылыққа, табысқа толы жыл болғай деген тілек үстіндеміз.**

Өткен жылға өкпе жоқ. 2016 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өттік. Еліміздің бас басылымы – «Егемен Қазақстан» газеті де Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасудың алғашқы ширегінде атқарылған орасан еңбекті тарих жадына сақтауға, ұрпақтар есінде мәңгі қалдыруға қалтқысыз қызмет етті. Енді санаулы күндерден кейін Алатау баурайында алауы жағылатын қысқы Универсиада ойындары, Астана төрінде өтетін ЭКСПО-2017 көрмесі, Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүше ретінде қызметке кірісуі сияқты әлемдік деңгейдегі айтулы оқиғалардың барысы мен Алаш қозғалысының 100 жылдығы сияқты ұлт руханияты мен тарихындағы маңызды іс-шаралардың аталып өтілуі де басылым жұмысының негізгі бағдары болады. Жылды жемісті қорытындыладық. Басылымның жұмысына жаңа басқару менеджментін енгізумен қатар, газеттің бедері мен бейнесін дәстүрді сақтай отырып жетілдіруді қолға алып, сәтті жүргіздік. Нәтижесінде газет бетінде арнайы айдарлар, беттер ашылып, сарапшы мамандар мінбері оқырманға жол тартты.

«Егемен Қазақстанда» әлемдік тәжірибеге негізделген, колумнист-сарапшылар мен авторлар бағаны жарық көрді. Басылымның мазмұндық сапасы артып, жедел әрі сенімді ақпарат тарату талабы жолға қойылды. Міне, Елбасының мақұлдауымен, Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің қолдауымен газет форматына заманға сай өзгеріс енгізілді.

Қолдарыңыздағы «Егеменнің» кезекті нөмірі еуропалық үлгіде басылды. Бұл – әрі ықшам, оқуға, алып жүруге ыңғайлы газет форматы ретінде әлемде мойындалған, дүние жүзіне танымал The Financial Times немесе The New York Times сияқты газеттер әлдеқашаннан жарық көретін үздік формат. Басылымдағы өзгерістер «Егеменнің» шығармашылық ұжымына, газет басшылығына үлкен сенім мен жауапкершілік жүктейді. Біз өз тарапымыздан газеттің мазмұнды, сапалы, оқырман үшін қызықты болып шығуына күш салатын боламыз. Осы мақсатта салықалы сұхбаттар, салмақты сараптамалар, тұшымды тақырыптарды таразылап жазу дәстүрі жалғаса береді. Қазірдің өзінде оқырман ілтипатына бөленген «Білім», «Тәлім» сияқты арнаулы беттердің мазмұны байытылып, қоғамдағы мұғалім мәртебесінің лайықты бағасын алуға әрі қарай қызмет етеді. Газеттің «Руханият», «Әлеумет», «Спорт» сияқты тұрақты айдарларымен қатар қарапайым оқырманға етене жақын басқа да тұрмыстық, танымдық қосымша беттердің тұсауы кесілмекші. «Қазпошта» АҚ мәліметтері бойынша, еліміздің түкпір-түкпірінен 200 000-нан астам отандасымыз «Егемен Қазақстанның» тұрақты оқырманы болып отыр. Бұл – қазақ оқырмандарының тұрақты таңдауын білдіретін көрсеткіш. Біз өз тарапымыздан оқырмандарымызға ыстық ықыласты алғысымызды білдіреміз. Газетке жазылып үлгермеген ағайынға басылымды жаздырып алу қаңтар айының 10-нан қайта басталып, жыл бойына тұрақты жалғасатынын да еске саламыз. Дәстүрлі құндылықтар мен тіл, діл, рухани мәдениеттің де сабақтаса дамуы үшін халық пен баспасөз тонның ішкі бауындай бірлікте болуы бұлжымас қағида. Ал, қазақ баспасөзінің көшбасшысы саналатын «Егемен Қазақстан» газеті үшін бұл қастерлі міндеттің жүгі тіптен салмақты. Биылғы жылы да «Егемен Қазақстан» газетінің тұрақты оқырманы болғаныңыз үшін Сізге мың рахмет! 2017 жылдың жағымды жаңалығы мол болсын, ойлы оқырман!

Дархан ҚЫДЫРӨЛІ, «Егемен Қазақстан»